

**2019 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы**

Маңғыстау облысы Ақтау қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 14 қаңтардағы № 46 қаулысы . Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2019 жылғы 17 қаңтарда № 3776 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, Ақтау қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес, Ақтау қаласы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.
2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес, Өмірзақ ауылы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.
3. "Ақтау қалалық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (С.Тулбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкі мен бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Т.Көшмағанбетовқа жүктелсін.
5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қала әкімі

Ф. Ниязов

Ақтау қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы 14 қаңтары № 46  
қаулысына 1 қосымша

**Ақтау қаласы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері**

Мектепке дейінгі	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)	Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар), теңге	Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар), теңге
------------------	---	--	--

тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	Бала бақша	Мектеп жанын дағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Бала бақша	Мектеп жанын дағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Бала бақша	Мектеп жанын дағы толық күн болатын шағын-орталықтар	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар
1-ден 3-ке дейінгі топтар		75	1527		26870	27502		13099	13099
4-тен 5-ке дейінгі топтар	461			27502			13099		
6-дан 7-ге дейінгі топтар	665			27502			13099		
8-ден 9-ға дейінгі топтар	1330			27502			13099		
10-нан және одан да артық топтар	11315			27502			13099		

Ақтау қаласы әкімдігінің  
2019 жылғы 14 қаңтары № 46  
қаулысына 2 қосымша

## Өмірзақ ауылы бойынша 2019 жылға мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарындағы топтар	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілер саны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар)		Мектепке дейінгі ұйымдарда бір тәрбиеленушіге бір айда жұмсалатын шығындардың орташа құны (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар), теңге		Мектепке дейінгі ұйымдарда ата-ананың бір айдағы төлемақы мөлшері (жеке меншік, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдар), теңге	
	Балабақша	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Балабақша	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар	Балабақша	Толық күн болатын мектепке дейінгі шағын-орталықтар
1-ден 3-ке дейінгі топтар		250		30150		13099
4-тен 5-ке дейінгі топтар	200		30150		13099	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК